

АНА ТІЛІ

1990 ЖЫЛҒЫ
НОУРБЕЗДЫҢ 22-СІМЕН
БАСИП ШЫҒАДЫ

Үлкен Тазыбаев

СӨЗ ЖОҚАЛҒАН
ЖУРНАЛ
ӘЗІЗ ЖОҚАЛҒАН



Марат Тоқашбаев, қаламгер: Азаттық күні. Азаттық жыры



Ел тәуелсіздігіне негіз болған «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы» 1990 жылдың 25 қазанында қабылданды. Құжат шектеулі өкілеттіктермен КСР одағын сақтауға бағытталды. Одақтың құзыретінде, біріншіден, елдің қорғанысы, екіншіден, бүкіл одақ шеңберіндегі ұлттық қауіпсіздік, үшіншіден, одақ пен одақтас республикалардың егемендігін қорғау, төртіншіден, қаржы-қаражат мәселелері мен сыртқы саяси байланыстар сақталды. Бұдан басқа егемендік, одақ құрамына кіру мен шығу, билік бөлінісінің демократиялық жолмен атқарушы, заң шығарушы және сот билігі сияқты үш тармаққа жіктелетіні, көші-қон процестерін реттеу, жер және оның қойнауы, су, әуе кеңістігі, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар республика меншігі болып саналатыны жазылды және тағы басқа мәселелер республиканың өз ішінде шешілетін болды. Бұл отаршылдық езгіден құтылу жолындағы елеулі қадам болды», – дейді жазушы-публицист, 1990 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық Кеңесі» газетінің қызметкері әрі «Азат» азаматтық қозғалысы Үйлестіру кеңесінің мүшесі болған Марат Тоқашбаев. Марат Байділдаұлы «Егемендік декларациясының» қалай қабылданғаны, сол тұста «Азат» азаматтық қозғалысының қоғамға қалай ықпал еткені туралы баяндап берді.

- Марат Байділдаұлы, 25 қазанда атап өтілетін, еліміздің ең басты мерекелерінің бірі – «Республика күні» келе жатыр. Декларацияның қабылданған кезіндегі ахуалды, тарихын айтып берсеңіз?

- Алдымен, осындай мерейлі күнге жеткізген Алла Тағалаға шексіз шүкіршілік айтайық. Иә, бұл мерекенің пайда болуына 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылған сессиясында қабылданған «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» негіз болғаны анық. Саяси және ұлттық ерекшеліктеріне байланысты бұл мерекені өз басым үнемі Қазақ елінің ең басты мерекесі деп санаймын.

1990 жылғы 25 қазан – қазақ халқы үшін шын мәнінде ақ түйенің қарны жарылған күн еді. Сол күннің басты қаһарманы – Жоғарғы Кеңестің депутаты, заң ғылымының докторы, академик Салық Зиманұлы болды. Егемендік Декларациясы сөз болғанда ол кісі туралы айтпай кету мүмкін емес. Депутат Салық Зиманұлы «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» жобасын мінберде екі сағат тік тұрып таныстырып шықты, әр бабына түсініктеме берді. Ары қарай жобаны талқылау кезінде тағы да 4 сағат бойы қойылған 50-ден аса сұраққа жауап берді.

Мұның бәрі оңай бола салған шаруа емес. Жоғарғы Кеңестің Мәжіліс залы Аңырақай шайқасы сияқты алапат майдан даласына айналып кетті. Азаттық үшін арпалысқан депутаттарымыз айқас алаңында Қабанбай, Бөгенбай батырлар тәрізді табан тіреп тұрып азаттықтың арайлы таңын жақындатты. Ұлыдержавалық, шовинистік сипаттағы отаршыл пиғылдағыларға заң тілімен, халықаралық құқық тілімен аяусыз соққы берді. Қазақ халқының егеменді өз мемлекетін құруға құқылы екенін дәлелдеп шықты. Нәтижесінде сол күні кешкі 18:55-те дауыс беру кезінде сессияға қатысып отырған 281 депутаттың 261-і Қазақстан егемендігін қолдап дауыс берді. Міне, алғашқы жеңіс солай келген! Сол кезде жасы 70-ке таяп қалған Салық Зиманұлы көз алдымызға қан майдандағы қас батырлардай елестеген болатын. Кейін 25 қазан – Республика күні ретінде мерекелік даталар қатарына қосылып, жыл сайын аталып өтілетін болған. Ол күн 17 жыл үздіксіз тойланып келіп, 2008 жылы биік ұлттық рух ел жадынан өшірілуі үшін Тәуелсіздік мерекесіне сіңіріліп жіберілді. Бұл демократиялық қозғалыс өкілдеріне, зиялы қауымға ұнаған жоқ. Содан бері жыл сайын Республика күні мерекесін қайта тірілту туралы мақалалар шығардық, әлеуметтік желілерде пост жаздық, баспасөз мәслихаттарын ұйымдастырдық. Ақыры қазіргі билік ұсынысымызға қолдау білдіріп, қазақ халқы үшін қастерлі «Республика күнін» ұлттық мереке мәртебесінде қалпына келтірді! Бұл – еліміздегі Ұлттық мәртебеге ие жалғыз мереке. Республика күні дегеніміз – азаттыққа ұмтылған қазақ халқының, Қазақ Республикасының толағай жеңісі. Бұл күнді жеке өз басым еліміздің өз тәуелсіздігін қайтарып алған күні

деп есептеймін. Өйткені бұл Ата Заңымызға негіз болуға тиісті құжат. Керей мен Жәнібек 1465 жылы қазақтың алғашқы хандығын құрды. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. 1991 жылы біз сол мемлекеттілігіміздің азаттығын қайтарып алдық. Егемендік декларациясы болса осы азаттыққа жол ашты. Сондықтан мерекенің саяси мағынасы түсініксіздеу «Республика күні» атауын Азаттық мерекесі, Азаттық күні деп атау туралы ұсыныс айтқым келеді. Азаттық – айқын сөз.

– «Егемендік туралы декларация» төңірегінде ел біле бермейтін, бірақ білуі тиіс қандай ақпаратты айтар едіңіз?

– Ұлттық мәртебеге ие болған Респуб-лика күні мерекесі 14 жыл үзілістен кейін өткен жылы алғаш рет лайықты түрде атап өтілді. «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңға 2022 жылы 29 қыркүйекте енгізілген өзгерістерге байланысты Республика күні Ұлттық мереке мәртебесіне ие болды. Осы заңға сәйкес жыл сайын 16 желтоқсанда атап өтілетін бұрынғы ұлттық мереке – Тәуелсіздік күні қарапайым мемлекеттік мерекелер қатарына ығыстырылды. Өзінің де мереке сыйқы қалмай оған қатысты іс-шаралар 15 желтоқсанға дейін уқан-суқан өткізіле салатын. Жастардың ықтимал толқуынан сескенген билік тәуелсіздік күніне бір апта қалғанда студенттерді ешбір жоспарда қарастырылмаған кезексіз демалысқа жіберетін. Әрі бұл күні ауа райы да көбіне түнеріп тұрып алатын. Көшеге шықсаң, алаңдарға барсаң жан адам жоқ, өлі қалаға тап болғандай күй кешетінсің.

Ұлттық мереке мен мемлекеттік мерекелердің құқықтық айырмашылығы болады. Ұлттық мереке – мәртебесі жағынан мемлекеттік мерекелерден жоғары тұрады. Ұлттық мереке дегеніміз Қазақ мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, тарихи маңызы айырықша оқиғаның құрметіне тағайындалған мейрам. Ұлттық мереке кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізу міндетті. Қазақстанда Ұлттық мереке біреу ғана – Республика күні. Қалған тоғыз мереке мемлекеттік мерекелер қатарында.

Декларацияның ел біле бермейтін тұстарын сөз етсек, бұл құжат ең алдымен «Қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғынуды» міндеттейді. Одан әрі «Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттігін сақтау, қорғау және нығайту жөнінде шаралар қолданады» деп тұжырымдайды. Көрдiңiз бе, ұлттық мемлекеттi деп отыр. Дәл осы қағидалар Қазақстан Конституциясынан орын алуы қажет.

– Ел тәуелсіздігінің елең-алаңында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық Кеңесі» газетінде қызмет еттіңіздер. Декларацияны қабылдаған тұста азаттықтың ауылы алыс емес екенін қай баптан оқып, ұғындыңыздар?

– Ол кезде Парламент газетінің («Халық Кеңесі») журналистеріне сессия мәжілістеріне депутаттармен бірге қатысып отыруға рұқсат етілетін.

Сондықтан қол қалт еткенде ел үшін маңызды құжаттар талқыланып жатқан мәжіліс залынан табылуға тырысатынбыз.

1990 жылы 25 қазанда Егемендік Декларациясының қабылдануының өзі бізге тәуелсіздікке қол жеткізгендей әсер қалдырды. Қазақстандағы мемлекет құраушы қазақ халқы екенін барша жұрт мойындады. Оның өзін-өзі билеу құқығы бар екені жария болды. Азаттық таңының жақын екенін бәріміз айқын сезіндік.

Оның үстіне құжатта қазақ халқына қатысты маңызды төрт қағида қарастырылды. Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, Қазақ КСР-і қазақ ұлтының тағдыры үшін жауаптылығы көрсетілді. Екіншіден, Қазақ КСР-і ұлттық мемлекеттілігімізді сақтау, қорғау және нығайтуға қатысты шаралар қолданатыны тайға таңба басқандай жазылды. Үшіншіден, қазақ халқының, елде тұратын басқа да диаспоралардың тілін, мәдениетін дамытуға міндетті екені атап айтылды. Төртіншіден, республикадан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамқорлық жасайтыны көзделді.

– «Егемендік туралы декларацияны» қазіргі қолданыстағы Ата Заңымызбен ұштастыра аламыз ба?

– «Қазақстан Конституциясы қазақ халқына не берді?» деген сұрақ көкейге келетіні рас. Бас-аяғын шолып қарасақ, еліміз «Қазақстан», аты – ұлттық, заты – кеңестік-орыстық, мазмұны – коррупциялық-олигархтық, тілі – орыстық дүбәра мемлекет болып қалыптасыпты. Ата-бабамыз аңсаған тәуелсіз мемлекетіміз осындай ма еді? Біз қай жерден адастық?

1990 жылы 25 қазанда қабылданған мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда, 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заңында, 1992 жылы 3 наурызда Қазақстанды ұйымға қабылдау туралы БҰҰ шешімінде Қазақстанның ұлттық мемлекет екені шегеленген. 1995 жылы қабылданған Ата Заңымызда бұл қазықты қағидалар мүлде қаперсіз қалдырылды. Сөйтіп, Қазақстан қазақтың ұлттық мемлекет екенін сипаттайтын басты қағидасы, қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі басты мәртебесі аяққа тапталды. Іс жүзінде Германия, Франция, Испания, Гүржістан, тіпті көрші Өзбекстан сияқты ұлттық мемлекеттігімізді дамытуымыз керек еді. Өкінішке қарай, одан алыстап қалдық.

Қазақ халқы қазір елдегі саны 70 пайыздан асып кетсе де Қазақстандағы мемлекет құраушы халық мәртебесінен айырылып отыр. Бұл өткен жылы 5 маусымда Ата Заңға енгізілген өзгерістер арасынан ойып тұрып орын алуға тиіс басты қағидалардың бірі еді. Өкініштісі, біз түпкілікті емес тағы да өтпелі кезеңнің Конституциясына ие болып қалдық. Мемлекеттің ұлттық сипатта, қоғамның демократиялық бағытта даму мәселесі әліге дейін күн тәртібінде тұр.

Мемлекет құраушы ұлтқа қатысты ескі ұстанымдармен «Жаңа Қазақстан» құру мүмкін емес. Яғни саяси сілкіністер, шынайы реформалар әлі алда деген сөз. Билік құбылыстардың салдарымен емес, себебімен жұмыс істеуді үйренгені жөн еді.

Әлемдік тәжірибеде Конституция елдің тәуелсіздік пен демократиялық бағытта дамуын қамтамасыз ете отырып, бүкіл қоғамның алдағы жүзжылдықтарда тоқтаусыз жылжуына мүмкіндіктер беретін басты құжат болып саналады ғой. Ал бізде, өкінішке қарай, Ата Заңымыз волюнтаристік қыспаққа ұшырай берді. 1995 жылы 30 тамызда референдумда қабылданған сол кезде 98 баптан тұратын Конституцияға соңғы ширек ғасырда Парламент арқылы бес рет: 1998 жылы – 19, 2007 жылы – 41, 2011 жылы – бір, 2017 жылы – 31, 2019 жылы – бір, 2022 жылы – 56, барлығы 149 өзгеріс пен толықтыру енгізіліпті. Өзгерістер көп болғанымен, сапасы мардымсыз. Алайда қазіргі биліктің тілге, салт-дәстүрлерімізге қатысты қолға алып жатқан шараларына қарасаң, кешегі ағаттықтарды аттап өтіп ұлттық мемлекет құруға қарай бағыт ұстанды ма деп үміттенесің.

– Декларация қазақ халқының сана-сезіміне қалай әсер етті? Бұл күн, сірә, тоталитарлық режимнің күрмеуінде қалып қойған Қазақстан жұртына жаңа бір дем берген болар?

– Иә! Ол жылдарда қазақ халқының саяси белсенділігі аса жоғары болатын. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі де есте. 1990 жылы маусым, шілде айларында Үйлестіру кеңесінің мүшесі ретінде «Азат» азаматтық қозғалысының жиындарында Егемендік декларациясының балама нұсқаларын жасап, талқылағанымыз бар. Ол бір өте жүрек лүпілдеткен, қуанышты шақ еді. Сол жобалар Жоғарғы Кеңеске жіберілді де. Біз декларация қабылданар күнді асыға күттік.

Егемендік туралы декларация қабылданар алдында бір-екі апта ілкін Германияда тұратын қазақ қандастарымыздың шақыруымен неміс елінде, Нидерланд пен Францияда болып, сол өлкеде тұратын қазақ бауырлармен кездесіп қайтқанмын. Міне, сонда Қазақстандағы қазақ халқы ғана емес, тағдыр айдап шет елдерде күн кешкен қазақ қандастарымыздың да Қазақстандағы қабылдануға тиісті егемендік құжатын асыға күтіп жүргенін көзіммен көрдім. Қазақстандағы жағдайды айтып, талай сұрақтарына жауап та бердім. Ондағылар «Қазақстан қашан бағымсыз болады?» деп сұрайтын. Шетелдегі қандастарымыз тәуелсіздікті түрікше ұғыммен «бағымсыздық» дейді екен. Бүкіл әлем ол кезде тек «Кеңес одағын» білетін, ал Қазақстанды мүлде білмейтін. Шет елдегі қазақтар өздерін қай елдің өкілі екенін таныстыру үшін де, азат елдің азаматтары екенін паш ету үшін де керек болатын бұл құжат.

Декларация жарияланған күн барша қазақ халқының бөркін аспанға атқан қасиетті де қастерлі күні болды!

– Жоғарғы Кеңеске сол тұста Декларация жобасының төрт нұсқасы

түскен екен. Оның ішінде «Азат» азаматтық қозғалысының да жобасы бар екенін әлгінде өзіңіз айттыңыз. Жан-жақтан түскен ұсыныстарды ескере отырып жаңартылған жобаның негізгі нұсқасы талқылауға ұсынылды ғой. Осы тұста ұлт мүддесі үшін жанкештілік көрсеткендердің қатарында кімдер болды?

– Тәуелсіздіктің елең-алаңында қоғамның демократиялық дамуға ұмтылысы жоғары болатын. Ұлт мүддесін жоғары тұтқан депутаттарды халық төбесіне көтерді. Демократиялық құндылықтармен қаруланған Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Сауық Тәкежанов, Мараш Нұртазин, Өмірбек Жолдасбеков, Нұрбақыт Қойшыбеков, Людмила Федотова, Николай Акуев сияқты депутаттардың үні өктем естіліп жататын. Тарихшылар қауымы ел тарихының осы бір кезеңін мұқият зерттегені дұрыс болар еді.

– Өздеріңіз ұйытқы болған «Азат» азаматтық қозғалысы, «Азат» газеті туралы айта кетсеңіз?

– Бұл оқиғалардың да өзіндік тарихы бар. 1989 жылы көктемде бір топ қазақ зиялылары «Алматы-Генплан» архитектуралық жобалау институтының директоры Нұрбақыт Қойшыбековтың кабинетінде жиналып, астыртын партия құрмақ ниетпен кездесіп жүрдік. Әркім өз оқшау ойын ортаға салып жатқан кез. Сондай бір кездесуде осы идеяның басы-қасында жүрген, 1960 жылдардың басында Мәскеуде қазақ жастарының «Жас тұлпар» ұйымын құрушылардың бірі болған тарихшы-философ Сәбетқазы Ақатаев партия құруға болмайтынын айтты. «Біз жасырын партия құрсақ, бәрімізді 1937 жылғыдай жоқ қылып жібереді. Одан гөрі Прибалтикадағы «Саюдис» тәрізді жария халықтық қозғалыс құрғанымыз тиімді емес пе!», – деді. Бұл ақылға қонатын ұсыныс еді. Бәріміз қолдадық. Қозғалыстың атын «Азат» деп қою туралы ұсынысты да айтқан Сәбең болатын. Міне, азаттықтың шырақшысы болған «Азат» қозғалысы дүниеге осылай келген.

1990 жылғы 31 шілде – 1 тамызда Жазушылар одағының мәжіліс залында құрылтайы өткізіліп, «Азат» қозғалысы өмірге келді. Тең төрағалары сайланды. 14 облыста филиалы жұмыс істеді. «Азат» қозғалысы демократиялық бағытта жұмыс істеді. «Қозғалыс орасан жұмыстар атқарды. Қазақ елін отаршылық пен тоталитаризм зардаптарынан арылтуға барынша атсалысты. 1990 жылғы қыркүйекте Орал казактары патшаға қызмет етудің 400 жылдығын атап өтеміз деп елдегі тыныштыққа іріткі салуға тырысқан. Алайда 15-қыркүйекте «Азат» қозғалысының ұйымдастыруымен қазақ халқы бұл «шабашқа» тосқауыл қойды.

Қозғалыстың газетін шығару маған тапсырылған. Материалдарды жинап алып Қаскелеңдегі аудандық газеттің баспаханасында 1990 жылы 1-қазаннан бастап «Азат» газетінің екі нөмірін шығардым. Бірақ газет листок түрінде болғандықтан, астына қол қойылмады. Ол

нөмірлер сақтаулы тұр. «Халық Кеңесі» газетінде бөлім меңгерушісі болғандықтан әрі үй алудың кезегінде тұрғандықтан «Азат» газетіне біржолата ауыса алмадым. Содан кейін «Азат» газетіне Батырхан Дәрімбет бас редактор болып тағайындалды. Ол газетті қайтадан бірінші нөмірден бастап шығарып жатты.

– Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдануының басты тарихи маңызын қалай бағалайсыз?

– Ең басты тарихи маңызы, әлемнің саяси картасында «Қазақстан» деген мемлекеттің айқын контуры пайда болды. Қазақ халқы рухани өрлеу үстінде жүрді. Декларация үшін күрес саяси топтардың арасында күндіз-түні дамылсыз жүріп жатты. Сол кезеңде Жоғарғы Кеңесте 360 депутат болатын. Оның 54 пайызы – қазақ, 28 пайызы – орыс, қалғаны – өзге ұлт өкілдері еді. «Қазақстанға егемендік декларациясының қажеті не? Ешқандай декларациясыз-ақ өмір сүріп келдік қой! Мұндай ауа лағушылықты тоқтату қажет!» дескендер де болды. Олар жанталасып Қазақстанның Мәскеуге бағынышты болуын қалады. Сондай оғаш пікір айтқан В.Водолазов, Т.Жаворонкова деген депутаттар есімде қалыпты. Бірақ еркіндік сүйгіш қазақ халқы Егемендік Декларациясы арқылы өзінің азаттығына қарай елеулі қадам жасады. Құжаттың тағы бір тарихи маңызы – түрлі сеператистік пиғылдағылардың жолына тосқауыл қойды. Декларация одақтас республикалар ішінде соңғылардың бірі болып қабылданса да, ол іс жүзінде болашақ Қазақ мемлекеттілігінің, оның Конституциясының лайықты іргетасына айналды.

– Марат Байділдаұлы, әділеттілік ұғымы жиі сөз болады ғой. Сіз бұл терминді қалай пайымдар едіңіз? Біздің мемлекетке осы бір қасиет аса керек сияқты.

– Мемлекет дегеніміз – белгілі бір аумақтағы қоғамның саяси қалпы, жұрт мойындаған биліктің егеменді дербес формасы, ондағы барша халық бағынатын, басқару мен мәжбүрлеу аппараты бар құрылым ғой. Қазіргі ұғымымызда мемлекет дегеніміз халық пен биліктің қоғамдық келісім негізінде құрылған ұйымы делініп жүр. Билік халыққа қызмет еткенде ғана өміршең болады. Оның басты ұстанымы әділеттілік болу керек. Әділдік дегеніміз – жақсылыққа – жақсылық, жамандыққа – жамандық жасайтын құқықтық тепе-теңдік. Әділеттілік – осы құбылыстың әлеуметтік көрінісі. Яғни мемлекет игілікке қызмет еткенге құрмет, зұлымдыққа қызмет еткенге жаза тағайындайды. XVIII ғасырда неміс философы Иммануил Кант: «Әділеттілік жоғалатын болса – жердегі өмірдің мәні жоқ», – депті. Өте-мөте орынды айтылған. Қасиетті Құранда да басшылықта әділеттіліктің алтын арқау екені былай деп білдірілген: «Алла сендерге аманатты иесіне беруді, адамдар арасында төрелік жасағанда әділеттілікке сай үкім беруді бұйырды» (Ниса, 4/58) дейді. Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінен: «Бір күн әділдікпен елді басқару алпыс жыл (нәпіл) құлшылық жасағаннан да

артық» дегенді оқып мұсылман дінінің әділетпен басқаруды құлшылық жасаумен теңегеніне қайран қалғаным бар.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев та: «Біздің әрбір шешіміміздің, әрбір іс-әрекетіміздің негізінде әділеттілік идеясы жататын болады. Сондықтан біз «адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» деген қағиданы берік ұстанатын боламыз» дегені есте. Сондықтан халық биліктен сөз бен істің бірлігін көргісі келеді. Италиялық ұлы ойшыл Николла Макиавелли: «Билеуші үшін мықты бекініс сол – халық тарапынан ашу-ызаның жоқтығы» дейді ғой.

Әділдік қалай орнайды? Бұл туралы Президент Қ.Тоқаев: «Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді», – дейді өткен жылғы Жолдауында. Иә, «Әділетті Қазақстан» жобасы билік әділетті болғанда ғана жүзеге асады. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды.

Бүгінгі таңда шенеуніктерге керегі – жағымпаздық емес, мемлекетшілдік көзқарас. Оппозиция дегеніміз – биліктің сыншысы ғана. Ол бүкіл әлемде бар табиғи нәрсе, мемлекеттің ілгері дамуы үшін аса қажет құбылыс. Сондықтан халықтың құқығын қорғағаны үшін, билік өкілдерін сынағаны үшін темір торға тоғытылғандар босатылуы қажет. Конституциямызда көрсетілгендей, демократиялық құндылықтар ілгері шығуы маңызды. Елдегі әділеттілік сот судьяларының шынайы тәуелсіздігі арқылы ғана жүзеге асады. Ол судьяларды халықтық сайлау жолымен сайлағанда ғана мүмкін.

– Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен

Бағдат Сұлтанқызы